

"Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1948 болып тіркелген 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 167-І бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2846. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 3 сәуірдегі № 143 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.04.03 № 143 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамының мемлекеттік тізілімін тәртіпке келтіру мақсатында бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-І бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1948 болып тіркелген, "Официальная газета" газетінің 2002 жылғы 31 тамыздағы N 35-ші нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесінде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Темір жол тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құрамдары үшін мынадай тіркеу санаттары белгіленеді:

1) магистралдық жолдар бойынша кез келген санаттағы поездарды жүргізу үшін пайдаланылатын тартқыш жылжымалы құрам (МГЖҚ);

2) кең жолтабанды магистралдық, станциялық және кірме жолдарда маневрлік жұмысты жүргізу үшін пайдаланылатын тартқыш жылжымалы құрам (М Н Ж Қ - К) ;

3) тар жолтабанды магистралдық, станциялық және кірме жолдарда сорапта маневрлік жұмысты жүргізу үшін пайдаланылатын тартқыш жылжымалы құрам (М Н Ж Қ - Т) ;

4) тар және кең жолтабанды магистралдық және станциялық жолдар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру үшін пайдаланылатын мотор-вагонды жылжымалы құрам (МВЖҚ);

5) өнеркәсіптік темір жол көлігі жолдарында пайдаланылатын және магистралдық пен станциялық жолға шықпайтын тартқыш жылжымалы құрам (ТЖҚ - ӨТКЖ);

6) жолдың жоғарғы құрылысын, жасанды құрылыстарды, түйіспе тораптың және энергиямен жабдықтаудың, байланыстың, сигнализацияның, орталықтандырудың және бұғаттаудың құрылғалары мен желілерін күтіп-баптау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының темір жол қатынасы торабында төтенше жағдайларды жою бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін пайдаланылатын жылжымалы құрам, соның ішінде мотор-вагонды (ЖҚМВТО).";

13-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жылжымалы құрамды пайдалануға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі."

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Жылжымалы темір жол құрамын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға және берілген куәліктерді қайтарып алуға байланысты даулар заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.";

мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. Тіркеуші орган, егер жылжымалы құрамға иелік ету құқығына байланысты даулы ситуациялар туындаған жағдайда заңнамалық кесімдерде өзгеше көзделмесе, жылжымалы темір жол құрамын мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәлікті сот шешімі бойынша кері қайтарып алады.".

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С Мұстафин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Е.Ж.Қошановқа жүктелсін.

4. Бұйрық ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр